


**2021 жылдың тамыз айындағы
іскерлік белсенділік индексі туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің
директоры Жандос Шаймардановтың
түсіндірмесі**

Алынған бағалаулардың нәтижесі бойынша, тамызда іскерлік белсенділік индексі төмендеп, 50,2 (шілдеде – 50,8) болды.

Бұған қызмет көрсету секторында көрсеткіштердің 50,7-ге (шілдеде – 51,1) және өнеркәсіпте 49,1-ге дейін (шілдеде – 50,5) қысқаруы әсер етті. Индекстің қызмет көрсету секторында нашарлауы еңбекпен қамту ісінің төмендеуіне, ал өнеркәсіпте жаңа тапсырыстар мен өнімнің және жұмыспен қамту деңгейінің қысқаруына, сондай-ақ жеткізілім мерзімдерінің ұлғаюына байланысты болды.

Соған қарамастан, жұмыспен қамту деңгейі ұлғая түскендіктен құрылыстағы көрсеткіш 51,9-ға дейін (шілдеде – 50,1) өсті.



Аймақтар арасында тамызда 9 өңірде іскерлік белсенділік жақсарып, 8-інде нашарлағаны байқалды. Іскерлік белсенділіктің ең жоғары деңгейі – Түркістан облысы (54,6) мен Шымкент қаласында (52,8), ең төмені – Ақтөбе облысында (43,2).

2021 жылдың тамыз айында респонденттер елде бизнес жүргізу жағдайының жақсара түскенін атап өтті. **Қазіргі бизнес-жағдайларды** бағалау бойынша жауаптар теңгерімі 1,7 (шілдеде – 0,5) болды, бұл жалпы Қазақстан бойынша карантин шараларын белгілі бір деңгейде жеңілдетуге байланысты болды. Кәсіпорындар өнімге/қызметке деген сұранысты, қаржыға/кредитке және коммуникацияға қолжетімділікті оң бағалады. Есесіне, салық жүктемесі мен бизнесті қорғау мәселелері теріс баға алды.

Кәсіпорындардың алдағы 6 айдағы бизнес-жағдайларға қатысты оптимизмі нашар болды: **келешектегі жағдайларды** бағалау 17,6 (шілдеде – 21,1) болды. Нәтижесінде, экономика бойынша **бизнес-ахуал индексі 9,5-ке** дейін (шілдеде – 10,5) төмендеді.

2021 жылдың тамызында сауалнамаға 462 кәсіпорын қатысты: құрылыста – 67, өнеркәсіпте – 175, көрсетілетін қызметте – 220.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>